

Сабақ жоспары
 Сынып: 9 «А»
 Күндері: 24.12.2018ж.
 Пәні: Химия
 Мұғалімі: Копеева К.К.

Тақырыбы	Есептер шығару «Металдар»	
Сабақтың мақсаттары Тәрбиелік:	оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.	
білімділік:	заттың мөлшерін, массасын біле отыра химиялық теңдеулер бойынша есептеулер жүргізуге үйрену;	
дамытушылық:	жүйелеу, қорытынды жасау білік-дағдыларын дамыту;	
Сабақ типі:	аралас	
Құралдар мен реактивтер:	Кітап, интерактивті тақта, периодтық жүйе, презентация	
Сабақтың барысы		
I. Ұйымдастыру кезеңі:	Амандасу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың көңілін сабаққа аудару -сабақта қалыпты жұмыс істеуге мүмкіндік жасау ; -оқушыларды психологиялық дайындау.	
II. Білімдерін тексеру кезеңі:	-үй тапсырмасының дұрыс, толық орындалғанын тексеру ; -білімдеріндегі кеткен кемшіліктерді, тапсырма орындау барысында қиындықтарды анықтау ; -кеткен кемшіліктерді жою.	
III. Сабақтың мақсатын айту кезеңі:	заттың мөлшерін, массасын біле отыра химиялық теңдеулер бойынша есептеулер жүргізуге үйрену	
IV. Жаңа сабақты меңгерту	Ойлау деңгейі	Сұрақтар мен тапсырмалар
	Білу	Металдық байланыс дегеніміз не?
	Түсіну	Металдардың физикалық қасиетін түсіндір
	Қолдану	Реакция теңдеулерін аяқтаңыз $BaCl_2 + Al_2(SO_4)_3 \rightarrow$ $CuO + HCl \rightarrow$ $MgSO_4 + K_2CO_3 \rightarrow$
	Талдау	Металдар мен бейметалдардың айырмашылығы мен ұқсастықтарына мысалдар келтіріп салыстырыңыз
	Жинақтау	Мына айналымдарды жүзеге асырыңыз $Cu \rightarrow CuO \rightarrow CuCl_2 \rightarrow Cu(OH)_2 \rightarrow Cu$
	Бағалау	Химия өндірісінде металдардың маңызы неде?
	Ойлан да тап. 1 топ: 1- топ. 20 грамм натрий гидроксидін тұз қышқылымен араластырғанда неше грамм тұз түзіледі	

	<p>2 – топ: Массасы 48 грамм алюминийді оттектен әрекеттестіріп, алюминий оксидінің массасын табыңдар. «Химиялық эстафета» 1 топ $Al \rightarrow Al_2O_3 \rightarrow Al_2(SO_4) \rightarrow Al(OH)_3 \rightarrow AlCl_3 \rightarrow Al$ 2 топ $Ca \rightarrow CaO \rightarrow Ca(OH)_2 \rightarrow CaCO_3 \rightarrow Ca(HCO_3)_2 \rightarrow CO_2$ 3 топ $Zn \rightarrow ZnO \rightarrow ZnCl_2 \rightarrow Zn(OH)_2 \rightarrow Zn(NO_3)_2$ Есеп шығару Массасы 43 грамм кальций оттектен әрекеттескендегі кальций оксидінің массасын есептеңдер.</p> <p>Сергіту сәті: н а л а р ә ы р с қ ы и ғ ң ұ 7 2 20 2 9 8 5 9 10 19 5 13 1 18 17 т ы у и и х е с р ә н п ы й а ж а ғ я м 16 5 21 13 13 12 8 10 9 8 7 6 5 4 2 3 2 1 15 14</p> <p>Жауабы: Ғажайып нарсе химия, Тұңғыық сыры әр алуан. Жоғалып бір зат зым-зия, Жаңалап бірі жаралған.</p> <p>«Зерек болсан, шешіп көр» 1.Массалық үлесі 15% (тығыздығы 1,1 г/мл),көлемі 240 мл тұз ерітіндісін дайындауға қажетті су мен тұздың массаларын табыңдар 2.Натрий гидроксидінің массалық үлемі 10%,көлемі 20 мл ерітіндісін дайындау үшін гидроксидтің қандай массасы қажет болатынын есептеңдер. 3.Күкірт қышқылының массалық үлесі 10%,тығыздығы 1,07 г/мл,көлемі 200 мл ерітіндісіндегі күкірт қышқылының массасын табыңдар</p>
<p>Қорытынды: Рефлексия</p>	<p>Бүгінгі сабақтан алған білімің сен үшін құнды ма? Білім, білік, дағды біз үшін қажет пе? Бүгінгі сабақ саған қалай әсер етті, саған ұнады ма? Алдарыңдағы дәптерлерінде берілген кестеге өз ойларыңды түсіріңдер?</p>